

Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасындағы бақылаушы органдардың өзара іс-қимылы жөніндегі консультативтік комитеттің құрамына уәкілетті өкілдері енгізілетін Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің атқарушы билік органдары тізбесіне өзгеріс енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2017 жылғы 18 шілдедегі № 90 шешімі

Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ереженің (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 1 қосымша) 7-тармағына, 43-тармағының 2-тармақшасына және 44-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2013 жылғы 2 желтоқсандағы № 283 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасындағы бақылаушы органдардың өзара іс-қимылы жөніндегі консультативтік комитеттің құрамына уәкілетті өкілдері енгізілетін Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің атқарушы билік органдары тізбесінің IV бөлімінің 2 және 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қырғыз Республикасының Ауыл шаруашылығы, тамақ өнеркәсібі және мелиорация министрлігі.

3. Қырғыз Республикасының Көлік және жолдар министрлігі."

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасы Төрағасының міндетін
уақытша атқарушы*

К. Минасян